


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ




ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БАК тыңдаушыларына арналған біліктілік арттыру курсының тақырыбы
«ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ШОЛУ»

ӘЗІРЛЕНДІ


« 02 » 09 2025 ж. **Р.Б. Абдрахманов**


КЕЛІСІЛГЕН

Мектеп директоры


« 02 » 09 2025 ж. **Л.С. Динашева**


БАК тыңдаушыларына арналған «Цифрлық технологияларға шолу» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының оқу бағдарламасы «Гуманитарлық» мектебінің отырысында қаралды және талқыланды.

«02» 09 2025 ж. Хаттама № 1.

Метеп директоры  Динашева Л.С.
(қолы) (аты-жөні)

БАК тыңдаушыларына арналған «Цифрлық технологияларға шолу» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының оқу бағдарламасын Халықаралық туризм және меймандостық университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді.

«23» 09 2025 ж. Хаттама № 2.

ОӘК хатшысы  Сейткулова Ж.
(қолы) (аты-жөні)

Бағдарлама мақсаты: Бұл курс зейнеткерлік жастағы адамдарға заманауи цифрлық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалануды үйретуге бағытталған. Қатысушылар смартфон, интернет, мобильді қосымшалар және мемлекеттік онлайн қызметтермен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Курстың көмегімен олар күнделікті өмірде қажетті цифрлық құралдарды өз бетінше қолдана алатын деңгейге жетеді.

Тыңдаушылар санаты:

- Зейнет жасындағы азаматтар
- Цифрлық технологияны енді меңгере бастағандар
- Смартфонды, интернетті, онлайн қызметтерді түсінгісі келетіндер

Оқу мерзімі:

Сағат саны: 36 сағат (аудиториялық 12 сағат)

Оқыту нысаны: күндізгі, қашықтықтан, дербес оқыту

Оқыту тілі: (орыс, қазақ)

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Оқу курсы туралы жалпы мәліметтер (өзектілігі, жаңалығы)

Курстың міндеттері, бағыты:

Бүгінгі күні әлем жылдам дамып жатқан цифрлық технологиялар дәуірінде өмір сүруде. Барлық маңызды қызметтер – мемлекеттік, медициналық, қаржылық – онлайн түрде көрсетіледі. Бұл өзгерістерге жастар тез бейімделсе, зейнеткерлер үшін бұл оңай емес. Көптеген зейнеткерлер Интернет пен смартфонды толық меңгермегендіктен, күнделікті істерде қиындық көреді. Мысалы, дәрігерге жазылу, коммуналдық төлем жасау немесе әлеуметтік төлемдер туралы ақпарат алу сияқты қызметтер интернет арқылы жүзеге асады. Бұл курстың мақсаты – зейнеткерлерге осы технологияларды қолдануды үйрету. Курсты оқу арқылы олар өз бетінше смартфонды, планшетті немесе компьютерді пайдалана алады. Сонымен қатар, олар Интернеттен қажетті ақпаратты іздеуді үйренеді. Электронды үкімет порталы арқылы анықтамалар алып, онлайн өтініш бере алады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жақындарымен үнемі байланыста бола алады. Бұл олардың жалғыздық сезімін азайтып, қоғаммен қарым-қатынасын күшейтеді. Зейнеткерлер жаңа технологияларды меңгеру арқылы өзіне деген сенімділігін арттырады. Қаржылық сауаттылық пен онлайн қауіпсіздік ережелерін де меңгеріп, алаяқтардан қорғана алады. Цифрлық сауаттылық – қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүрудің маңызды бөлігі. Бұл курс – тек білім беру ғана емес, өмір сапасын жақсартуға бағытталған қадам. Курстың практикалық бағытта өтуі – зейнеткерлер үшін өте қолайлы. Сабақтарда әрбір қатысушыға жеке көңіл бөлініп, түсінікті тілде үйретіледі. Осы курстың арқасында олар өз өмірін жеңілдетіп, заманауи қоғамға бейімделе алады деп күтіледі.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін тыңдаушылар келесі білімдерге, біліктіліктерге және дағдыларға ие болады:

Курстан не үйренесіз:

- Смартфонмен және интернетпен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін
- WhatsApp, Telegram секілді мессенджерлерді қолдану жолдарын
- Egov.kz арқылы анықтама алу, дәрігерге жазылу сияқты қызметтерді
- Kaspi.kz, Halyk Bank қосымшаларымен төлем жасау жолдарын
- Жеке деректерді қорғау және интернет қауіпсіздігі ережелерін

Біліктіліктері:

- Смартфонмен еркін жұмыс істей алады
- Интернеттен қажетті ақпарат таба алады
- Онлайн қызметтерді өз бетімен пайдалана алады
- Цифрлық қауіпсіздікті сақтай алады

Дағдылар:

- ресми мемлекеттік ресурстар: сайттар, порталдар арқылы қызмет алу;

- шоттарды төлеу;
- мәтіндік құжаттарды, кестелер мен презентацияларды құру;
- Интернет арқылы жұмыс жасау.

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сабақтардың нысаны			
	Барлығы	Аудиториялық	Өзіндік жұмыс	Үлгерімді ағымдағы бақылау нысандары
Модуль - 1. Кіріспе және базалық түсініктер				
Цифрлық технология дегеніміз не?	1	1		Бақылау сауалнамасы
Құрылғылардың түрлері: смартфон, планшет, компьютер	2	1	1	
Ақпараттық қауіпсіздік негіздері	2		2	
Модуль 2. Смартфон және оның мүмкіндіктері				
Смартфон интерфейсі (батырмалар, баптаулар, тіл таңдау)	2	1	1	Бақылау сауалнамасы
Қоңырау шалу, SMS жіберу, контакт сақтау	1	1		
Камера, галерея, диктофонды қолдану	1		1	
Смартфонда базалық әрекеттер жасау	1		1	
Модуль 3. Интернет және іздеу жүйелері				
Интернет деген не? Қалай қосылады?	2	1	1	Бақылау сауалнамасы
Wi-Fi, мобильді интернет, браузерлер	2	1	1	
Іздеу жүйелері (Google, Yandex): ақпарат іздеу	1		1	
Модуль 4. Мессенджерлер мен әлеуметтік желілер				
WhatsApp, Telegram-мен жұмыс. Фото, видео, құжат жіберу	1	1		Бақылау сауалнамасы
Дауыстық және бейнеқоңырау	1		1	
Топқа қосылу, хабарлама жазу, бейнеқоңырау жасау	1		1	
Модуль 5. Электрондық қызметтер және eGov				
ЖСН, ЭЦҚ, мобильді қолтаңба деген не?	2	1	1	Бақылау сауалнамасы
Онлайн анықтама алу, дәрігерге жазылу, зейнетақы ақпаратын көру	2		2	Бақылау сауалнамасы
eGov mobile қосымшасы	2		2	

Модуль 6. Цифрлық банкинг (Kaspi.kz, Halyk Bank)				
Kaspi.kz интерфейсі, негізгі функциялар. Ақша аудару, шот тексеру, QR арқылы төлем	2	1	1	Бақылау сауалнамасы
Төлем тарихын көру, коммуналдық қызмет төлеу	2	1	1	
Қауіпсіздік: фишинг, алаяқтардан сақтану	2		2	
Модуль 7. Жасанды интеллект және деректерді қорғау				
Жасанды интеллект деген не? Біздің өмірімізде ЖИ қайда қолданылады?	1		1	Бақылау сауалнамасы
Дауыстық көмекшілер (Google Assistant, Siri, Алиса)	1	1		
ChatGPT және ЖИ-мен сөйлесу, ChatGPT көмегімен хат жазу, көмек сұрау	2	1	1	
Антивирустар, Google есептік жазбасын қорғау	2		2	
Барлығы:	36	12	24	
Қорытынды:				Кері байланыс анкетасы

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Модуль 1. Кіріспе және базалық түсініктер

Цифрлық технология дегеніміз не? Құрылғылардың түрлері: смартфон, планшет, компьютер. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері

Модуль 2. Смартфон және оның мүмкіндіктері

Смартфон интерфейсі (батырмалар, баптаулар, тіл таңдау). Қоңырау шалу, SMS жіберу, контакт сақтау. Камера, галерея, диктофонды қолдану. Смартфонда базалық әрекеттер жасау

Модуль 3. Интернет және іздеу жүйелері

Интернет деген не? Қалай қосылады? Wi-Fi, мобильді интернет, браузерлер. Іздеу жүйелері (Google, Yandex): ақпарат іздеу

Модуль 4. Мессенджерлер мен әлеуметтік желілер

WhatsApp, Telegram-мен жұмыс. Фото, видео, құжат жіберу. Дауыстық және бейнеқоңырау. Топқа қосылу, хабарлама жазу, бейнеқоңырау жасау

Модуль 5. Электрондық қызметтер және eGov

ЖСН, ЭЦҚ, мобильді қолтаңба деген не? Онлайн анықтама алу, дәрігерге жазылу, зейнетақы ақпаратын көру. eGov mobile қосымшасы

Модуль 6. Цифрлық банкинг (Kaspi.kz, Halyk Bank)

Kaspi.kz интерфейсі, негізгі функциялар. Ақша аудару, шот тексеру, QR арқылы төлем. Төлем тарихын көру, коммуналдық қызмет төлеу. Қауіпсіздік: фишинг, алаяқтардан сақтану

Модуль 7. Жасанды интеллект және деректерді қорғау

Жасанды интеллект деген не? Біздің өмірімізде ЖИ қайда қолданылады? Дауыстық көмекшілер (Google Assistant, Siri, Алиса). ChatGPT және ЖИ-мен сөйлесу, ChatGPT көмегімен хат жазу, көмек сұрау. Антивирустар, Google есептік жазбасын қорғау.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер

1. Левина Л.Т. - *Компьютер для бабушек и дедушек* (2014, АСТ, Ресей)
2. Байков В.Д., Байков Д.В. - *Компьютер: самоучитель для пенсионеров* (2012, ДМК Пресс, Ресей)
3. Орлова З. - *Большой народный самоучитель: Компьютер + ноутбук* (2018, Эксмо, Ресей)
4. Смирнова Т.В. - *Основы работы с интернетом для пожилых* (2016, МЦНТИ, Ресей)
5. Иванов А.В. - *Безопасность в интернете для начинающих* (2017, Питер, Ресей)
6. Петрова Е.С. - *Цифровая грамотность: учебное пособие* (2019, Юрайт, Ресей)
7. Баймұхаметов Б.Ә. - *Ақпараттық технологиялар негіздері* (2020, Қазақ университеті, Қазақстан)
8. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму министрлігі — *Цифрлық сауаттылық бойынша оқу материалдары* (2020, egov.kz, Қазақстан)
9. Digital Kazakhstan — *Бағдарлама бойынша оқу ресурстары* (2021, digitalkz.kz, Қазақстан)

Қосымша әдебиеттер:

1. Kaspi.kz — *Онлайн банкинг қолданушы нұсқаулығы* (2022, kaspi.kz, Қазақстан)
2. Назарбаев Университеті — *Электрондық үкімет және цифрлық сауаттылық* (2020, nu.edu.kz, Қазақстан)
3. Федорова И.А. — *Работа с мобильными приложениями* (2018, Дрофа, Ресей)
4. ҚазҰУ Цифрлық технологиялар кафедрасы — *Цифрлық сауаттылық курсы: оқу құралдары* (2021, Алматы, Қазақстан)
5. Сидоренко Н.И. — *Интернет для пожилых: практическое руководство* (2015, Эксмо, Ресей)
6. ҚР Цифрлық даму министрлігі — *Киберқауіпсіздік негіздері* (2022, egov.kz, Қазақстан)

WEB сайттар тізімі:

1. <http://rmebrk.kz>
2. www.intuit.ru
3. <https://www.techopedia.com/>
4. <https://techwithtech.com/>